

Н.С. Жұбаназарова¹, Г. Койшыман¹, А.А.Төлегенова²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан

²Нұрмұбарак Египет Ислам мәдениеті университеті, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕП БІТІРУШІЛЕРГЕ МАМАНДЫҚ ТАҢДАУДА КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ ТИІМДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ

Аңдатпа

Осы мақалада кәсіптік бағдар беру жүйесінің жалпы мақсаты мектеп бітірушілерді жеке мүдделері мен әлеуметтік қажеттіліктеріне сәйкес келетін мамандық таңдауға дайындау болып табылады және кәсіптік таңдау кезінде мектеп түлектеріне кәсіптік бағдар берудің психологиялық тәсілдерінің тиімділігін талдауды ұсынады. Ғылыми зерттеудің мақсаты мен негізгі бағыты: кәсіби позициялау процесінің теориялық негіздерін, оның психологиялық сипаттамаларын, оқушыларға кәсіби позициялау тұжырымдамасының психологиялық негіздері мен заңдылықтарын қанағаттандыру, кәсіби позициялауды бақылау, бағалау және болжау әдістерін анықтау. Жалпы білім беретін мектептердің жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар беру процесі және қазіргі кезеңдегі кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімді жолын анықтау.

Түйінсөздер: *психология, мамандық таңдау, кәсіптік бағдар беру.*

Zhubanazarova N.S.¹, Koishyman G.¹, A.Tolegenova²

¹*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

²*Nur-Mubarak Islamic Culture University, Almaty, Kazakhstan*

STUDY OF THE EFFECTIVENESS OF PSYCHOLOGICAL METHODS OF VOCATIONAL GUIDANCE OF GRADUATES DURING THE CHOOSING A PROFESSION

Abstract

This article proposes the general goal of the system of career guidance - preparing students to choose a profession that satisfies their personal interest and social need, also presents an analysis of the study of the effectiveness of psychological methods of career guidance for graduates when choosing a profession. The purpose and main directions of scientific research: the theoretical foundations of the process of satisfying a professional orientation, its psychological characteristics, the psychological foundations and patterns of the concept of career guidance for students, the definition of ways to control, evaluate and predict the process of career guidance for high school students in general education schools, the definition of effective ways of ongoing career guidance work at the present stage.

Key words: *psychology, choice of profession, career guidance.*

N.S. Zhubanazarova¹, G. B. Koishyman¹, A.A. Tolegenova²

¹*Kazakhский национальный университет имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

²*Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, г. Алматы, Казахстан*

ИССЛЕДОВАНИЕ ЭФФЕКТИВНОСТИ ПСИХОЛОГИЧЕСКИХ МЕТОДОВ ПРОФОРИЕНТАЦИИ ВЫПУСКНИКОВ ПРИ ВЫБОРЕ ПРОФЕССИИ

Аннотация

В данной статье предложена общая цель системы профориентационной работы - подготовка учащихся к выбору профессии, удовлетворяющей их личный интерес и общественную потребность, также представлен анализ исследования эффективности психологических методов профориентации выпускников при выборе профессии. Цель и основные направления научного исследования: теоретические основы процесса удовлетворения профессиональной направленности, его психологические особенности, психологические основы и закономерности понятия профориентации учащихся, определение путей контроля, оценки и прогнозирования процесса профориентации старшеклассников в общеобразовательных школах, определение эффективных путей проводимой профориентационной работы на современном этапе.

Ключевые слова: *психология, выбор профессии, профориентация.*

Кіріспе. Қазіргі таңда еліміздің басты мәселелерінің бірі – білім беру, мектеп кезінен кәсіптік бағдар беру, яғни оқушылардың сапалы білім алуына кәсіптік бағдар беру. Мамандық таңдау – түлектердің басты мәселесі. Оның кәсіпті дұрыс таңдауы қоғамға да, өзіне де үлкен пайда әкеледі. Қоғамдық еңбек процесінің жастар тәрбиесіне қойылатын жаңа талаптарына сәйкес адамның еңбек қызметі сапалық өзгерістерге ұшырады. Сондықтан мұғалімдер жастарды кәсіпке дайындау үшін еңбек психологиясын түсінуі керек. Зерттеу нысаны: эксперимент Алматы қаласындағы №23 мектеп-гимназиясының жоғарғы сынып оқушылар арасында жүргізіледі. Зерттеу пәні: мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тиімділігін зерттеу процесі. Зерттеудің теориялық маңыздылығы: мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тиімді тәсілдері және ерекшеліктері сипатталған. Зерттеудің практикалық маңыздылығы: зерттеу нәтижелері жоғары сынып оқушысының кәсіптік дайындығын диагностикалау жолдары, кәсіптік бағдар жұмысын жүргізудің әдістемесінің жаңа тәсілдерін жасауға болады.

Әдістеме. Кәсіптік бағыт беру саласы күрделі де алуан түрлі. Ол экономикалық, әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық т.б. қатынастарды қамтиды. Кәсіптік бағыт беру ісін жүргізу кадрлар даярлауды жоспарлаумен, білім беру жүйесін одан әрі жетілдірумен тығыз байланысты. Сондықтан да, бұл бағытта көптеген ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген. Көптеген ғалымдардың Е. Климов, Ж. Ж. Дүйсенбаев, С. Н. Чистякова т.б. еңбектерінде мектептегі кәсіптік бағдар жұмысының мазмұны, формалары мен әдістері қарастырылған [4].

Зерттеу әдістемелері: Климовтың Е.А. «Жекелеп диагностикалау әдістемесі», қызығулар картасы, М. Рокичтің құндылық бағдар әдістемесі бақылау, әңгімелесу дәптері, кәсіби бағдарды анықтау анкетасы. Зерттеу міндеттері: психологиялық әдістемелері арқылы жоғары сынып оқушыларға зерттеу жүргізу; әр оқушының индивидуалды мәліметтерін өңдеу; математикалық статистика әдістері арқылы оқушылардың топтық мәліметтерін өңдеу; зерттеу болжамын дәлелдеу (Ч. Спирмен), зерттеу нәтижелеріне сапалық психологиялық талдау жасау. Жолмұхан Түрікпенұлының «Кәсіптік бағдар» еңбегінде, кәсіптік бағдар пәнін оқу орындарында, орта мектептерде жоспарлау мен ұйымдастыру мәселелері, мектептің ата-аналармен және кәсіпорындармен бірлесіп атқаратын жұмыс түрлері жан-жақты баяндалған. Тәлім беру барысында шәкірттерді сынақтан өткізу, шындау жолдарын сөз еткен. Бірақ-та, бүгінгі күнде арнайы зерттеулер оқушылардың кәсіптік бағдарын бақылау, болжау, түзету енгізудің нақты зерттеулері жоқ екенін көрсетті.

Нәтижелері. Барлық зерттеу барысында біз оқушылардың кәсіби айқындамаларына негізгі екі факторларына: мамандықтың тартымдылығы (беделі) және осы таңдау мотивтері мен құндылықтар жүйесін сәйкестендіруіне ерекше көңіл аудардық.


Негізгі тартымдылықты зерттеу оқушылардың белгілі бір мамандықты қаншалықты жиі таңдайтынына байланысты қарастырылады. Мұнда сіз негізінен кейбір функцияларды көре аласыз. Мектеп бітірушілер арасындағы ең беделді мамандықтарға мұнайшылар, заңгерлер, экономистер, журналистер, аудармашылар, бағдарламашылар және дәрігерлер жатады. Сонымен қатар, қазіргі әлеуметтік экономиканың даму ерекшеліктері мен ғылыми-техникалық ақпарат оқушылардың кәсіби детерминациясының позициясын түсіндіре алады. Нәтижелері: мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тиімділігі зерттелді; мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тәсілдері және ерекшеліктері сипатталған, зерттеу нәтижелері және мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін психологиялық әдістердің тиімділігін түзету мен алдын-алудың жаңа тәсілдерін жасауға болады. Жоғары сынып оқушылармен жүргізілген әңгімелесі мен бақылау, қызығу картасы әдістемелері арқылы алынған мәліметтердің объективтілігін М.Рокичтің құндылықты бағдар жүйесін анықтау әдістемесінің нәтижелері тағы да дәлелдей түседі. Қабілеттер, қызығушылықтар мен бейімділіктер оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына әсер ететін курстар арасында әртүрлі болады. Бұл кәсіптің әлеуметтік маңызы мен факторлары ерекше рөл атқарады. Құндылық-бағдарлы оқытудың мотивациясын оқушылардың кәсіптен және болашақ кәсіптердің әлеуметтік маңыздылығымен, бай өмірімен және әлеуметтік беделімен сәйкестендіруінен көруге болады. Оқушылар кәсіптік мотивациялар мен құндылықтар жүйесінің ең жоғары сәйкестігімен байланысын әлеуметтік-экономикалық жағдайлар мен адамдардың әлеуметтік салаларындағы өзгерістермен түсіндіруге болады деп санайды. Қабылдау мотивациясының және құндылық бағдарының өсуі мектеп бітірушілер мамандық таңдаудағы жеке қызығушылықтарының күнделікті тұжырымдамасымен байланысты. Кейіннен бұл мотивация материалдық жағдайға байланысты үміт ақталмаса, кәсіптік қызметтің өзгеруіне әкелуі мүмкін.

Жалпы, түлектер мамандық таңдауға қызығушылық танытуы керек. Ол инженер, мұнайшы, мұғалім, заңгер, экономист, психолог сияқты мамандықтардың әлеуметтік маңызы мен беделі жоғары деп есептейді. Жоғарыда аталған мәселелер бойынша зерттеу жұмысымызға эксперименттік гипотеза қалыптастырамыз және оларды нақты зерттеу деректерімен көрсетеміз. Сонымен, жоғары сынып оқушыларының кәсіптік бағдарын анықтау процесінде кәсіби бағыттылықты қалыптастырудың табыстылығы олардың психологиялық ерекшеліктерін ескеретін шараларға байланысты деген ғылыми болжам толық дәлелденді.

Талқылау. Климовтың Е. А. «Жекелеп диагностикалау» әдістемесі жіктеу бойынша әр түрлі мамандыққа адам таңдауға арналған. Осы әдісті жас өспірімдер мен ересек адамдарды кәсіптік бағдарлауда да қолдануға болады. Әдістеменің мазмұны: сыналшы ұсынылған жиырма жұп қызметтің ішінен оның бір ғана түрін таңдап, жауаптар парағының тиісті торына «+» қосу белгісін қоюы тиіс. Нұсқау: «Тиісті оқуды бітіргеннен кейін сіз кез келген жұмысты алып кете аласыз дейік. Дегенімен, сізге екі мүмкіндіктің біреуін ғана таңдау қажет болса, қайсысын қалар едіңіз?». Қорытындыларды түсіндіру: жауаптар парағы 5 бағаның әрқайсысы белгілі мамандыққа сәйкестендірілген. Ал сыналшы мамандықтың ең көп «+» белгісін алған типің таңдауы тиіс. Мамандықтар типтерінің атауға бағаналарға бөлініп беріліп отыр [5].

Зерттеу болжамын дәлелдеу үшін, яғни жоғары сынып оқушыларының өз мамандығына қажетті қабілеттің болуы, жоғарғы кәсіби бағытталудың қалыптасатындығын көрсету мақсатында біз зерттеуімізді ең алдымен мектеп бітірушілерінің мамандықты таңдау мотивін және қазіргі кезде қалыптасқан мотивін анықтаудан бастадық. Мектеп түлектерінің мамандық таңдау мотивтері мен оқу орнына түскеннен кейін қалыптасқан мотивтері

зерттелді. Сонымен қатар, сауалнама нәтижелері бойынша мұғалімдердің мамандық таңдауына байланысты негізгі мотивациялар анықталды: мамандықты өз еркімен таңдау, ата-ананың ықпалы, мұғалімнің бағыты, достың ықпалы, «Мен сәтсіздікке ұшырадым» мотивациясы (тек диплом алу). Бір мектептің түлектері мен қарапайым орта мектеп оқушыларының оқуға түскеннен кейін қалыптастыратын мотивациясы: оқуды жақсы аяқтау, жұмысын жақсы орындау, кәсіпті өзгерту, оқуды бітіру. Алынған нәтижелерді диаграмма түрінде көрсетуге болады.



Сурет 1. Мектеп бітірушілердің мамандықты таңдау мотиві

Сонымен зерттеуімізге алынып отырған мектеп бітірушілерге мамандық таңдауда кәсіптік бағдар беретін осы психологиялық әдісінің нәтижесі бойынша 70% мамандықты таңдауы сыртқы қоршаған ортаның ықпалы, ал 30% өз қалауымен таңдағандар. Осы мамандықты саналы түрде таңдаған зерттелушілер өзінің мамандығына қызығушылықтың жоғарлағанын, мектеп кезінен көп ақпарат оқып дайындалғандығымен жауап береді. Сондай-ақ кәсіптері бойынша өздігімен жұмыс істеуге қабілетім жетеді, ұжымды басқаруға дайынмын деп санайды. Бұл алынған нәтижелер бойынша мамандықты өзі таңдаған мектеп бітірушілердің өз мамандығына қызығушылықтары, қабілеттері, бейміділіктері және мүмкіншіліктері, өзін-өзі бағалауы қаншалықты сәйкес келетінін анықтау үшін «Дифференциалды диагностикалық» сұрақтама әдісі жүргізілді. Бұл әдістердің нәтижесін кестеден салыстырып көруге болады.

1 – кесте. Зерттелушілердің әдістемелер бойынша салыстырмалы мәліметтері

Аты-жөні	Мамандық таңдауы	Қазіргі мақсаты	ДДС әдісі нәтижесі
1. С.Ә.	Өз қалауы	Білікті маман болу	Адам-Адам
2. С.Т.	Достары	Оқуды жақсы аяқтау	Адам-Белгілер жүйесі
3. Ж.А.	Ұстазы	Бітірсем болды	Адам-Адам
4. А.Д.	Ата-анасы	Оқуды жақсы аяқтау	Адам-Көркемдік бейне
5. Д.Ш.	Өз қалауы	Бітірсем болды	Адам-Адам
6. А.Б.	Түссем болды	Бітірсем болды	Адам-Техника
7. Б.С.	Ұстазы	Бітірсем болды	Адам-Көркемдік бейне
8. Н.Д.	Өз қалауы	Оқуды жақсы аяқтау	Адам-Техника
9. Ә.Б.	Туыстары	Бітірсем болды	Адам-Белгілер жүйесі
10. М.Ш.	Түссем болды	Бітірсем болды	Адам-Табиғат

11.	А.Е.	Ұстазы	Оқуды жақсы аяқтау	Адам-Табиғат
12.	Ш.Н.	Ата-анасы	Оқуды жақсы аяқтау	Адам-Көркемдік бейне

Сонымен қатар қазіргі уақытта жүргізілген зерттеулерде ДДС әдісі бойынша диагностикаланған кәсіби қызығушылықтар мен тұлғаның ерекшеліктерінің арасында белгілі бір байланыс бар.

Зерттеудің келесі кезеңінде анкета жүргізіліп, жоғарғы сынып оқушыларының болашақ мамандық таңдау бағытымен көздеген оқу орны анықталды.

Зерттеу жүргізілген басқа үш сыныптың да мәліметтері осындай жолмен өңделеді. Осы мәліметтерді өңдеу, кестелік бейнелеу барасында барлық 100 зерттелушілер арасында ең жиі таңдаған мамандықтар сипаты және осы мамандықтарды таңдаудағы негізгі кәсіби құндылықтар бұл мақсатта жүйесі анықталды.

М.Рокичтің құндылық бағыт әдістемесі жүргізілді. Барлық сынып оқушыларына болашақ таңдаған мамандығына сай негізгі құндылықтар атауы ұсынылды. Оқушылар өздерінің таңдаған мамандықтарына сай кәсіби құндылықтар жүйесін бақылау нәтижесінде 10 негізгі құндылықтар жүйесін бөліп шығарды. Біз жіктеу жұмысымыздың келесі кезеңінде эксперименттік зерттеу болжамын дәлелдеу осы жоғарғы сынып оқушыларының өздері бөліп шығарған құндылықтар жүйесін негізге ала отырып, олардың таңдаған мамандықтарының арасындағы өзара байланысты анықтауға бағытталған статистикалық өңдеу жұмыстарын жүргіздік. Бұл жұмыста біз 11 сыныптар арасында өте жоғары жиелік қатынаста таңдаған мамандықтар түрін бөліп, рангілік дәрежесін анықтадық.

2 – кесте. 11 сынып оқушыларының таңдаған мамандықтарының сипаттамасы (% есебімен)

№	Мамандық атаулары	%	R
1	Мұнайшы	17	10
2	Заңгер	12	8,5
3	Филолог	12	8,5
4	Педагог	11	7
5	Дәрігер	10	6
6	Инженер	9	5
7	Экономист	8	3,5
8	Программист	7	2
9	Журналист	8	3,5
10	Әлеуметтік қызмет	6	1
			55

3 – кесте. М.Рокичтің «Құндылық бағдар» әдісі арқылы алынған 11 сынып оқушыларының кәсіби құндылық бағдарларының сипаттамасы (% есебімен)

№	Құндылықтар жүйесі	%	R
1	Дәулет тұрмыс	20	10
2	Әлеуметтік бедел	16	9
3	Кәсіби қабілеттілік	10,9	8
4	Мамандықтың қоғамдық маңыздылығы	10,7	7
5	Кәсіби өсу мүмкіндігі	8,3	5,5
6	Шығармашылық	8,2	5,5
7	Озық техника жабдықтары	7	4

8	Еңбектің бағалануы	6,5	3
9	Қарым-қатынас іскерлігі	6	1
10	Денсаулық	6,4	2
			55

Кәсіптік бағдар беру жұмысын зерттеу жоспар мен бағдарламаға сәйкес оқушылардың кәсіби бағыттылықтарының деңгейін есепке ала отырып жүргізілді. Эксперименттің алғашқы кезеңі оқушыларға айқындаушы бағытта болды. Оқушылардың үштен бірі (31,5) пайыз кәсіби айқындаушы мотивтері ретінде «ата-ана мен достарының ықпалы», «қалыптасқан жағдайлар», т.с.с. саналы түрде мамандық таңдауды айқындайтын мотивтерді атады.

Кәсіби бағдар беру әдістемесінің маңызды ерекшелігі:

- жоғары сынып оқушыларымен жұмыс істеудің әдеттегіден гөрі жайбарақат, мейірімді және табиғи ортасын құру
- кәсіби, өмірлік және жеке өзін-өзі анықтаудың жеке элементтерін модельдеу.

Қорытынды. Мектеп бітірушінің болашақ мамандығын таңдауымен тығыз байланысты екі фактор бар: бірі – олардың жеке құндылық бағдар жүйесінің әсері болса, екіншісі – таңдаған мамандығының әлеуметтік маңыздылығының әлеуметтік беделіне үлкен әсер ететіндігі.

Қорыта келе, жоғарыда айтылған мектеп пен ЖОО арасындағы тығыз байланыс – мектептегі кәсіптік бағдар беру жүйесі мен оқушылардың нақты мамандықтарға кәсіби бағыт деңгейлері арасындағы қарама-қайшылықты жеңуге болады. Сонымен қатар, кәсіби бағыттылықты кезеңдермен жүйелі қалыптастыру арқылы жоғары сынып оқушыларында оқуға деген жауапкершілікті тәрбиелеу, оқу-үлгерім табыстылығын жоғарылатуға болады.

Кәсіптік бағдар беру ойындары жоғары сынып оқушыларына кәсіптік бағдар берудің тиімді түрі болып табылады. Кәсіби бағдар берудің ойын әдісі оқушыларды өз кәсібінде инициатива мен дербестікке тәрбиелеуді көздейді. Ойын әлеуметтік және кәсіби рөлдердің дамуымен және кәсіби өмірлік жолдарды таңдаумен байланысты, өйткені ойын процесінде жасөспірімдер ересектердің әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастарын жоғалтады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Айбакиров Мақсат. Мектептегі кәсіптік бағдар //Qazaqstan mektebi. - 2013.- №3.- b.6-9*
2. *Dúsembekova Sh.D., Smagýlova G.A.Oqýshylarǵa mamandyq tańdaýǵa kásiptik baǵdar berý júesi. Qazaqstan Respýblikasynyń pedagogikalıyq bilimín júeli jańǵyrtý: máseleleri, sheshý joldary. Halyqaralyq ǵylymı-tájiribelik konf.materialdary.-Almaty: Abai atyndaǵy QazUPÝ, 2016.- 730 b.*
3. *Syrlybaeva Kýmısaı Akbaevana jáne t.b. Kásiptik baǵdardyń qazirgi tańdaǵy máni men mazmuny // Web of Scholar.- November 2017.- 8(17), b. 48-52*
4. *Klimov E.A. Osnovy proizvodstva. Vybor professu.- M., 2004.- S.102-132*
5. *Klimov E.A. Psihologo-pedagogicheskie problemy profkonsýltatsii.- M., 2003.- S.125-145*
6. *Harper, D. J. (2018). Career choice and career construction of undergraduate students at for-profit institutions: The effect of institutional marketing on students (Order No. 13840190). Available from ProQuest Dissertations & Theses Global. (2195599232). Retrieved from <https://www.proquest.com/dissertations-theses/career-choice-construction-undergraduate-students/docview/2195599232/se-2?accountid=134066>*
7. *Nurgul, T., Shynar, U., Smatova, K.B, Nazira, S., Karlygash, S., Beibit, A., Nazirash, Z., Bakytzyzy, T.N. Current problems of modern organization of career guidance for students with special educational needs at university (2020) Journal of Intellectual Disability - Diagnosis and Treatment, 8 (1), pp. 1-7.- [https://id.elsevier.com/as/TMJH4/resume/as/authorization.ping?client_id=SCOPUS&state=forceL](https://id.elsevier.com/as/TMJH4/resume/as/authorization.ping?client_id=SCOPUS&state=forceLogin%7CtxtId%3D653C97207595E007DF9B54E86CAF2F3F.i-07bec52c0f947509b%3A6)*

8. *Stativka, N., & Batiuk, A. (2021). Career motivation in the process of state regulation of youth employment. Central European Public Administration Review, 19(2), 131-151. doi:http://dx.doi.org/10.17573/cepar.2021.2.07*